ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 14 ақпан №7119-25-00-2/960 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Nur Zholy Customs Service» жаупкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Айка96» атынан Турсунбаева Айдана Сапарханқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Nur Zholy Customs Service» жаупкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер жеке кәсіпкер «Айка96» атынан Турсунбаева Айдана Сапарханқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Айка96» атынан Турсунбаева Айдана Сапарханқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Айка96» атынан Турсунбаева Айдана Сапарханқызынан «Nur Zholy Customs Service» жаупкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 21 599 (жиырма бір мын бес жүз тоқсан тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 648 (алты жүз қырық сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 14.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 27.03.2025
Дата: 30.04.2025 17:44. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.1.

Жеке кәсіпкер «Айка96» атынан Турсунбаева Айдана Сапарханқызынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 14.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 27.03.2025
Дата: 30.04.2025 17:44. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.1.

Подписано
30.04.2025 15:48 Катарбаева Ж.К. ((и.о Бижанова А.С.))

Дата: 30.04.2025 17:44. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.1.